

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика**


**89902 Қылмыстық құқық (Ерекше бөлім)  
«6В04205 – Құқықтану» білім бері бағдарламасы бойынша пәнінен**

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**АЛМАТЫ, 2024**

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған: М.К. Бисенова 6В04205 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасы оқу жоспарының негізінде әзірленген.

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының мәжілісінде  
Қарастырылған

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі: з.ғ.д., профессор  Р.Е. Жансараева

18.06.2024ж. хаттама №20

Оқыту және білім беру сапасы бойынша Академиялық комитеттің төрайымы  Урисбаева А.А.

« 25 » « 06 » 2024ж. Хаттама №10

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды.  
« 25 » « 06 » 2024 ж. Хаттама №11

Ғалым хатшы



Атаханова Г.М.

## Кіріспе

«БВ04205 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын оқыту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен академиялық саясатқа сәйкес пәнді оқып игеру қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтиханға (қорытынды бақылауға) төлем бойынша берешегі жоқ, бакалавриатқа арналған оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинаған студенттер ғана жіберіледі.

Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) академиялық күнтізбе мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, UNIVER жүйесінде тестілеу түрінде 150 сұрақтан құралған, Тест көптік таңдау түрінде бір дұрыс жауабын белгілеу арқылы жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинай алмаған студенттер қанағаттанарлықсыз бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Егер студент оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға уақытылы қатыспаса, емтихан ведомостындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Студенттің дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріледі.

«FX» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін студентке (докторант, магистрант) емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді

Емтихан сұрақтары тиісті тексерістен өткеннен кейін бекітіледі.

### Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық

1. Пән бойынша қорытынды емтихан Univer жүйесінде тест нысанында жүргізіледі. Тест тапсыру барысы автоматты прокторинг жүйесімен, егер прокторинг болмаса проктор немесе оқытушының қадағалауымен қатал бақыланады. Емтихан тапсырушының жеке компьютеріне мынадай талаптар қойылады:

1.1. Стационарлық компьютер немесе ноутбуктың болуы (планшет, смартфон);

1.2. Жұмыс жасайтын әрі қосулы веб-камера керек (ноутбуктегі өзінің орнатылған камерасы да болады, смартфондардың камерасы алдыңғы жағында қосулы болу керек);

1.3. Емтихан кезінде интернетке үзіліссіз қосылу қажет;

1.4. Емтихан тапсырудың барлық уақыты жазылады, бұл ретте студенттің беті, үстелі және кеңістігі көрінуі тиіс.

1.5. Емтихан кезінде сайтты жабуға тыйым салынады.

2. Емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

3. Студент қорытынды бақылаудың алдында арнайы нұсқамадан өтеді және бағалау критерийлерімен танысуы тиіс.

4. Прокторинг талабы бойынша студент емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын кестедегі сілтеме бойынша бейнеконференцияға қосылуы тиіс.

5. Тест көптік таңдау түрінде бір дұрыс жауабымен болады.

6. Univer АЖ тест 150 сұрақтан келеді және тасыруға 1 ғана мүмкіндік беріледі. Тест тапсырудың жалпы уақыты – 90 минут.

7. Univer АЖ тест сұрақтары автоматты түрде құрастырылады (генерацияланады).

8. Тест жауаптары дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексеріледі.

9. Емтихан тапсыру уақыты аяқталғаннан кейін қорытынды бақылау нәтижелері студенттің және оқытушының жеке кабинетіне автоматты түрде түседі.

10. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Студент емтихан тапсыру тәртібін бұзған жағдайда тест нәтижесінде алған бағасы жойылуға жатады.

#### Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау, орындалған тапсырманы бағалау.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{АБ1+АБ2}{2} \times 0,6 + ҚБ \times 0,4$$

Мұнда АБ – аралық бақылау;

ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдардың (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	6,67	90-94	
B+	3,33	85-89	

B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

**Қылмыстық құқық (ерекше бөлім) - 6 кредит  
Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар**

1-тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциясындағы тұлғалық тиіспеушілік, өмірге, денсаулыққа, ар мен абыройға және азаматтың басқа да құқықтары.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі мен түрлері. Денсаулыққа және адамның өзге мүдделеріне зиян келтіретін іс-әрекеттерден айырмашылығы. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу, тоқтату, ашу кезіндегі құқық қорғау органдарының қызметі.

1. Өмірге қарсы қылмыстар. Адам өлтіру және оның түрлері. Адам өлтіру қылмыстық заңдағы ең ауыр қылмыс ретінде. Жәбірленушіге өлім келтірумен байланысты басқа қылмыстардан адам өлтірудің айырмашылығы: мемлекеттік немесе қоғам қайраткерінің өміріне қол сұғатын қылмыстар.

2. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар және оның түрлері. 2001 жылғы 11 наурыздағы сот-медициналық бағалаудың Ережелеріне сәйкес денеге зиян келтірудің түсінігі және оның түрлері.

3. Адамның денсаулығы мен өміріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бұл құқық бұзушылықтардың түсінігі мен түрлері, ерекшелігі, өмір мен денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың басқа түрлерінен айырмашылығы.

4. Адамның жыныстық еркіндігі мен жыныстық тиіспеушілігіне қарсы бағытталған қылмыстар. Бұл қылмыстардың түсінігі мен түрлері.

5. Адамның жеке бостандығына қарсы бағытталған қылмыстар. Бұл қылмыстардың түсінігі мен түрлері.

6. Адамның ар-намысы, қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бұл қылмыстардың түсінігі мен түрлері.

**2 Тақырып. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасы Конституциясындағы отбасының және кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғау туралы.**

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі және түрлері. Бұл қылмыстардың алдын алу кезіндегі құқық қорғау органдарының қызметі.

**3 Тақырып. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қазақстан Республикасы Конституциясындағы азаматтардың саяси, әлеуметтік, экономикалық және жеке құқықтары. Қазақстан Республикасындағы бұл құқықтарды шынайы қамтамасыз етілуі.

Адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі мен түрлері. Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудағы құқық қорғау органдарының қызметі.

1. Саяси құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бұл қылмыстардың түрлері.

2. Адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтарына қарсы қылмыстар. Олардың түсінігі мен түрлері.

3. Жеке құқықтар мен бостандықтарына қарсы қылмыстар: бұл қылмыстардың түрлері.

**4-тақырып. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар**

Қазақстан Республикасы Конституциясы бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі туралы. Осы топтағы қылмыстарды қараудағы соттардың құзыреті.

Осы топтағы қылмыстардың түсінігі және түрлері. Бұл қылмыстармен күрестегі құқық қорғау органдарының ролі.

Халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау, бұл қылмыстың түрлері.

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру.

**5 Тақырып. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қазақстан Республикасының Конституциясындағы мемлекеттік қауіпсіздік, тәуелсіздік, егемендік және аумақтың тұтастығы.

Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі мен түрлері. Бұл қылмыстардың алдын алу, анықтау, тергеу кезіндегі құқық қорғау органдарының міндеті.

## **6 Тақырып. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қазақстан Республикасының Конституциясы меншік нысанына қарамастан оны қорғау туралы.

Меншік қоғамдық қатынастарда адамдар арасындағы иелену, пайдалану, билік етуді анықтайтын экономикалық категория ретінде.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі мен түрлері. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар алдын алу, тоқтату, ашу кезіндегі құқық қорғау органдарының қызметі.

## **7-тақырып. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Берілген топтағы құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігі және даму тенденциялары, қазіргі жағдайдағы олармен қылмыстық-құқықтық күрес жүргізудің маңызы.

## **8- тақырып. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қазақстан Республикасы Конституциясы экономикалық қызмет және шаруашылық субъектілерінің мүдделерін қорғау туралы. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, тоқтату және қылмыстық жауаптылыққа тарту бойынша құқық қорғау органдарының міндеттері.

## **9-тақырып. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің маңызы. Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерінен туындайды осы аталған қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудегі құқық қорғау органдарының міндеттері.

## **10-тақырып. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қазақстан Республикасы Конституциясы қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп қорғау туралы.

Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі мен түрлері. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті сақтаудағы құқық қорғау органдарының қызметі.

**11-тақырып. Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қазақстан Республикасы Конституциясы халықтың денсаулығын және имандылықты қорғаудың кепілі. Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудегі құқық қорғау органдарының міндеттері.

**12-тақырып. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қазақстан Республикасы Конституциясында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы. Адамның денсаулығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі құқық қорғау органдарының міндеттері.

**13-тақырып. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қазақстан Республикасы Конституциясы адамның өмір сүруі мен айналадағы ортаны қорғау туралы. Қоршаған ортаны қорғауға байланысты құқық қорғау органдарының міндеттері.

**14- тақырып. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі көліктің рөлі. Қазіргі заманда көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің маңызы.

Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі мен түрлері. Көліктің түсінігі. Көліктегі қылмыстық-құқықтық іс-әрекеттерді саралаудағы зиянды сарлардың мәні.

**15- тақырып. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қазіргі заманда мемлекеттік қызметке пен мемлекеттік басқаруға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресу маңызы. ҚР Үкіметі мен Президентінің талабы бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарымен күресуді күшейту.



**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ  
РУБРИКАТОРЫ  
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ  
КРИТЕРИЙЛЕРІ**

«Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім» жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» » 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралауы дұрыс саралауы қабілетін қалыптастыру	Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі Дереккөздерге, ҚР Жоғары Сотының тиісті нормативтік қаулыларына қажетті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау туралы түсіну. Негізгі Дереккөздерге, ҚР Жоғары Сотының тиісті нормативтік қаулыларына қажетті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау туралы теорияларды, тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі Дереккөздерге, ҚР Жоғары Сотының тиісті нормативтік қаулыларына қажетті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/ түсінбеушілік. Негізгі Дереккөздерге, ҚР Жоғары Сотының тиісті нормативтік қаулыларына қажетті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді.

<p>Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау барысында қолданыстағы әртүрлі сала заңнамаларын салыстыруды жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, салыстырмалы құқықтық немесе статистикалық талдау негізінде).</p>	<p>Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау барысында қолданыстағы әртүрлі сала заңнамаларын салыстыруды жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, салыстырмалы құқықтық немесе статистикалық талдау негізінде).</p>	<p>Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау барысында қолданыстағы әртүрлі сала заңнамаларын салыстыруды жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.</p>	<p>Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау барысында қолданыстағы әртүрлі сала заңнамаларын салыстыруды жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.</p>	<p>Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау барысында қолданыстағы әртүрлі сала заңнамаларын салыстыруды жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.</p>
<p>Саясат ұсынысы немесе практикалық</p>	<p>Іс-әрекеттерді криминализациялау, декриминализациялау, пенализациялау мен депенализациялау</p>	<p>Іс-әрекеттерді криминализациялау, декриминализациялау, пенализациялау мен депенализациялау</p>	<p>Іс-әрекеттерді криминализациялау, декриминализациялау, пенализациялау мен депенализациялау</p>	<p>Іс-әрекеттерді криминализациялау, декриминализациялау, пенализациялау мен депенализациялау</p>

<p><b>Ұсынымдар /ұсыныстар</b></p>	<p>бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдармен ұсыныстар ұсынады.</p>	<p>бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады</p>	<p>бойынша шектеулі с және практикалық ұсынымдар. Ұсыны маңыздылау емес, м талдауға негізделме таяз.</p>
<p><b>Жазу, APA style</b></p>	<p>Жазу айқындықты , нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатан ұстанады.</p>	<p>Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады.</p>	<p>Жазуда кейбір негіз және анықтықты жа APA style-ды ұстану бар.</p>